

Дукенов Женис Сериковичтің 8D08302 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған «Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы. Орман экожүйелері биосфераның ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, және жаһандық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда маңызы зор. Орман шаруашылығында тоғайлы ормандардың алатын орны ерекше. Орман шаруашылығының ғылыми жүйесінде тоғайлы орманның қалыптасу процестері жайлы сауалдар ерекше орын алады, оларсыз орманды молайту мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының аумағы орманды дала, дала, шөлейтті, шөлді және таулы ормандарды қамтитын аймақтарға бөлінген. Тоғайлы ормандар бұл аймақтарға жатпайды, өйткені олар республиканың шөлді аймақтарында ағып жатқан өзендердің жайылмаларындағы интразональды орман түзілімдері болып табылады. Интразональды деп аталуының себебі – олар тәуелсіз жеке аймақтар емес, кең шөлді аймаққа шашыраңқы, яғни шөлді флораның негізгі фонынан күрт ерекшеленетін аймақ ішілік өсімдіктер болып есептеледі. Бұл флорасының бұрынғы ерекшеліктерін сақтаған және өзінің шығу орталығы Орта Азияға тән өсімдіктердің ерекше реликті түрлері болып табылады.

Аталған мәселерді шешу мақсатында жасалынған ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылығы жоғары.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелер. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарында диссертант қолданыста пайдаланып жүрген әдістермен ұсыныстарды негізге ала отырып Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Еліміздің Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіруге ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде екпе орман құру және орманды қалпына келтіру іс-шаралары жүйесі әзірленіп өндіріске ұсынылады.

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеу материалдары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды:

1. Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения-19», посвященной 110-летию М.А. Гендельмана, 17 марта 2023 год. г.Астана.

2. Көрнекі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Сәбит Байзаковтың 85-жылдығына арналған «Орман

ресурстары жасыл экономикасының ажырамас бөлігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Алматы 04 сәуір 2025 ж.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс компьютерлік мәтінмен 151 бетте жазылған, оның ішінде кіріспеден, 6 тараудан, қорытындыдан және өндіріске ұсыныстан, қосымшалардан тұрады. Диссертация материалдары 20 кестеден, 58 суреттен, және 6 қосымшадан тұрады. Пайдаланылған отандық және шетелдік әдебиеттер тізімі 121 дереккөзден тұрады. Диссертациялық жұмыс қойылған талаптар мен міндеттерге сәйкес жазылған.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Диссертант ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында барлық далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, алынған мәліметтерге талдау жұмыстарын жасады. Ең алдымен аталған өңірдің табиғи климаттық жағдайына, Сырдария өзені жайылмасындағы тоғайлы орманның қазіргі жай күйі талданды, Сырдария өзені жайылмасындағы тоғайлы ормандарға дендрохронологиялық зерттеулер жүргізді, ГАЖ технологиясын қолдана отырып, тоғайлы орманның сипаттамасын берді, Сырдария өзені жайылмасындағы тоғайлы ормандарының орман патологиялық жағдайын бағалады, тоғайлы ормандағы негізгі орман құраушы түрлердің табиғи жаңаруын бағалау және табиғи жаңаруына жәрдемдесу тәсілдерін айқындады, Сырдария өзені жайылмасының жер асты суы деңгейі және топырақ ылғалдылығын анықтады, тәжірибелік учаскеде негізгі орман құраушы түрлердің материалдары отырғызылып, өсіп өнуіне бақылау жүргізді.

Диссертация материалдары бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде: 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамсыз ету комитеті ұсынған ғылыми жарияланымдарда, 2 мақала ақпараттық Scopus базасына кіретін журналдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Диссертант «А.Н Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорациясы ғылыми-зерттеу институты» ғалымдарының әдістемелері мен ұсыныстарын сондай-ақ әртүрлі әдебиеттерді пайдалана отырып талдау жұмыстарын жасады. Диссертант ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасау барысында, Сырдария өзенінің жайылмасындағы тоғайлы ормандарды қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды жетілдіру жолдарын ұсынды.


Қорытынды. Дукенов Женистің диссертациялық жұмысы әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертациясындағы алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері өзінің жаңалығымен ерекшеленеді, сонымен қатар ғылыми салаға және өндіріс мамандары үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар деп есептеймін. Диссертация материалдары әртүрлі деңгейдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып,

жан-жақты талқыланды. Қорытындылар мен ұсыныстар диссертанттын өзіндік зерттеу жұмыстары негізінде жасалынған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, орындалған жұмысының көлемі, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік құндылығы және зерттеу бағыты жағынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндігін ескере келе докторант Дукенов Женисті 8D08302 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

«Орман ресурстары, аңшылықтану және
аквакультура» кафедрасының
профессоры, э.ғ.д.



К.Т. Абаева